

**Бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне қосу үшін
аппараттық-бағдарламалық кешеннің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы
қорытындылар беру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 117 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 ақпанда № 13253 болып тіркелді.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне қосу үшін аппараттық-бағдарламалық кешеннің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б. Қазанғап):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2016 жылғы 28 қаңтар

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2016 жылғы 28 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 117 бұйрығымен бекітілген

**Бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне қосу
үшін аппараттық-бағдарламалық кешеннің техникалық талаптарға
сәйкестігі туралы қорытындылар беру қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне қосу үшін аппараттық-бағдарламалық кешеннің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және болып табылатын мемлекеттік тізіліміне қосу үшін аппараттық-бағдарламалық кешеннің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) аппараттық-бағдарламалық кешен (бұдан әрі – АБК) – белгілі бір типтегі міндеттерді шешу үшін бірлесіп қолданылатын бағдарламалық қамтылым мен техникалық құралдар жиынтығы;

3) өтінім беруші – бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне қосу үшін аппараттық-бағдарламалық кешеннің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны өтінімді берген жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – өтінім беруші);

4) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігі және мазмұнының өзгермегенін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

2. Мемлекеттік тізілімге қосу үшін аппараттық-бағдарламалық кешеннің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру тәртібі

3. Мемлекеттік тізіліміне қосу үшін аппараттық-бағдарламалық кешеннің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны алу үшін өтінім беруші уәкілетті органға немесе www.e.gov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған толтырылған сауалнама-өтінімді ұсынады.

4. Уәкілетті орган сауалнама-өтінімді толтыру дұрыстығына тексереді, Қағидалардың 3-тармағының сәйкессіздік анықталған жағдайда осы, сәттен бастап екі күнтізбелік күн ішінде сауалнама-өтінімді қайтарады.

5. Ұсынылған сауалнама-өтінім осы Қағидалары 3-тармағымен белгіленген талаптарға сәйкес болған кезде, уәкілетті орган сауалнама-өтінім түскен сәттен бастап күнтізбелік бес күн ішінде өтінім берушінің "Техникалық талаптарды және бақылау-кассалық машиналардың техникалық талаптарға сәйкестілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 636 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5454 болып тіркелген) (бұдан әрі – техникалық талаптар) 1-қосымшаның 43-50 тармақтарымен көзделген, техникалық талаптарды сақтауы тексеру жүргізеді.

6. Өтінім беруші уәкілетті органның қызметкерлеріне тексеріс жүргізу үшін АБК-ға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

7. Жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша уәкілетті орган тексеру жүргізген уақыттан бастап күнтізбелік екі күн ішінде өтінім берушіге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік тізілімге қосу үшін аппараттық-бағдарламалық кешеннің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды (бұдан әрі – Қорытынды) немесе техникалық талаптар орындалмаған жағдайда дәлелді бас тартуды береді.

8. Осы Қағидаларың 3-тармағында көрсетілген Сауалнама-өтінім түскен сәттен бастап, күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті орган қорытынды беруді жүзеге асырлады.

Бақылау-кассалық машиналардың
мемлекеттік тізіліміне қосу үшін
аппараттық-бағдарламалық кешеннің
техникалық талаптарға сәйкестігі

Нысан

Сауалнама-өтінім

1. Өтінім берушінің атауы _____

2. (Жеке сәйкестендіру нөмірі/Бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____

3. Өтінім берушінің орналасқан жері _____

4. Облыс _____ қала _____

5. Аудан _____ Көше _____ Үй _____

6. АБК атауы _____

7. АБК әзірлеушісі _____

8. Нұсқа _____ АБК әзірленген күн _____

9. АБК әзірлеушінің орналасқан жері: _____

10. Облыс _____ қала _____

11. Аудан _____ Көше _____ Үй _____

(өтінім берушінің немесе оның басшының Т.А.ӘА.) қолы

М.О. (болған кезде)

Бақылау-кассалық машиналардың
мемлекеттік тізіліміне қосу үшін
аппараттық-бағдарламалық кешеннің
техникалық талаптарға сәйкестігі
туралы қорытындылар беру
қағидаларына 2-қосымша

Нысан

**Бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне қосу
үшін аппараттық-бағдарламалық кешеннің техникалық талаптарға
сәйкестігі туралы қорытынды**

Астана қ. 20__ жылғы " ____ " _____

1. Өтінім беруші _____

2. Өтінім берушінің орналасқан жері: _____

Облыс _____ Қала _____

Аудан _____ Көше _____ Үй _____

Телефон _____ Факс _____

3. _____

(АБК атауы)

_____ ,

версия _____, жасалған күні _____,
Өзірлеуші _____
Өзірлеушінің орналасқан жері:
Ел _____ Облыс _____ Қала _____
Аудан _____ Көше _____ Үй _____
Телефон _____ Факс _____

"Техникалық талаптарды және бақылау-кассалық машиналардың техникалық талаптарға сәйкестілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 636 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5454 болып тіркелген) 1-қосымшаның 43-50-тармақтарымен көзделген техникалық талаптарға сәйкес келеді/сәйкес келмейді

Қазақстан Республикасы Инвестициялар
және даму министрлігінің Байланыс,
ақпараттандыру
және ақпарат комитетінің төрағасы _____